



02.09.2022 ж.

### Бұйрық № 1-1

#### «Қамқоршылық кеңесі құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 27 шілдесіндегі № 355 бұйрығына . «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44 – бабының 9- тармағына сәйкес, «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Целинный негізгі орта мектебі КММ- нің 13.09.2022 жылғы № 1 ата – аналар жиналысының хаттамасы негізінде **Бұйырамын:**

1. 2022-2023 оқу жылында мектепте қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылып, жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Кимбииловаға жүктеймін.

Мектеп директорының м.а



М.Абенов

**Целинный негізгі орта  
мектебінде Қамқоршылық  
Кеңестің жұмысын  
ұйымдастыру және оны  
сайлау тәртібінің  
қағидаларын бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы  
Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Целинный негізгі орта мектебінде Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

1) осы бұйрық Целинный негізгі орта мектебінде бұйрықтар кітабында тіркелуін;

2) осы бұйрық тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ тілінде ресми жариялау

3) осы бұйрық тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Целинный мектебінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кимбилова Г. Б. жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін

Мектеп директорының ма: **М. К. Абенев**



## Қамқорлық кеңесінің хаттамасы

Целинный негізгі орта мектебі

### Хаттамасы №1

13.09.2022

Қатысқандар: 16 ата-ана

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Дүйсенбаева Гульмира Мешітбайқызы

Мектеп директоры: Абенов.М.К

Мектеп директорының орынбасарлары

#### Күн тәртібі:

1. Қамқорлық кеңестің өкілеттігі туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы
2. Балаларды тамақпен қамтамасыз ету. (Әлеуметтік педагог хабарламасы, құжаттары).
3. “Мектепке жол” акциясының нәтижесі

#### Тыңдалды:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кимбиилова Ғалия Балтабековна ҚР Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы 3-тарауымен таныстырды. Онда Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі туралы былай делінген:

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1. Білім беру ұйымдарының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру секемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
2. Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді.
3. Білім беру ұйымының дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
4. Қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
5. Қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақматты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;
6. Білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
7. Тиісті саланың уәкілетті органына несесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

Білім беру ұйымдарының құрылымдық қызметкерлері қамқорлық кеңестің күзіретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.

2-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Сқақ А.Ғ сөз алды:

Мектепте көп балалы, аз қамтылған 15 бала ыстық тамақпен қамтылып отыр. Балалар 3-ші сабақтан кейін 15 минут үзілісте ыстық тамақ ішеді.

3-ші мәселе бойынша “Мектепке жол” акциясыны бойынша 1-қыркүйекте 1-сынып оқушыларына ауыл әкімінің атынан 5 оқушыны оқу құралдарымен қамтамасыз етті.


#### Қаулы:

- 1.4 Қамқорлық кеңестің мектеп өміріндегі өз мүмкіндіктерін дұрыс орындауы қадағалансын. Қамқорлық кеңесінің төрайымы Г.М Дүйсенбаеваға қадағалау тапсырылсын.
- 1.5 Қамқорлық кеңесінің мүшелері өз өкілеттіліктерін орындау мақсатында оқу ағарту жұмыстары жүргізілсін. Бұл тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б Кимбииловаға тапсырылсын.





Төрайымы:

 Дүйсенбаева Г.М

Хатшы:

 Темирханова А.Д

Мүшелері:

 Троян Л.Г  
 Жукенова Б.  
 Бейсен Н.Ж  
 Демесинова З.Б

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы  
27 шілдедегі № 355 бұйрығы**

**Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің  
мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584  
болып тіркелді**

**Білім беру ұйымдарында  
қамқоршылық кеңестің  
жұмысын ұйымдастыру  
және оны сайлау тәртібінің  
үлгілік қағидаларын бекіту  
туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) «Юридическая газета» газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**

**Е. Сағадиев**



«Бекітемін»

Мектеп директорының м.а:

М.К. Абенов

**Целинный негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына  
арналған Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары**

<b>Р/с</b>	<b>Орындалатын жұмыстар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Қамқоршылық кеңесінің құрамын ішінара қайта сайлау. Кеңес мүшелерінің міндеттерін, атқаратын қызметтерін белгілеу. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау.	қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысын өткізу.	тоқсан сайын	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар).	жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру жұмыстарын жүргізу.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында ұйымдастырылатын шараларға көмектесу.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Оқушылардың арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтардың алдын алу.	мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
7	Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту.	маусым	Қамқоршылық кеңес мүшелері
8	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жылдық есебі.	маусым	Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Целинный негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы  
Қамқорлық кеңесінің құрамы**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Жұмыс орны</b>	<b>Лауазымы</b>
1	Дуйсембаева Гүлмира Мешитбайқызы	Медпункт, еден жуушы	Қамқорлық кеңесінің төрайымы
2	Темирханова Айна Дулатбековна	Іс-қағаз жүргізуші	Қамқорлық кеңесінің хатшысы
3	Демесинова Зульфия Байназаровна	Бастауыш сынып мұғалімі	Қамқорлық кеңесінің мүшесі
4	Бейсен Нұргүл Жамбылқызы	Мектеп, аспазы	Қамқорлық кеңесінің мүшесі
5	Троян Наталья Владимировна	Жұмыссыз	Қамқорлық кеңесінің мүшесі
6	Троян Людмила Григорьевна	Мектеп, еден жуушы	Қамқорлық кеңесінің мүшесі
7	Жукенова Бижамал Есенжоловна	Әкімшілік, мәдениет ұйымдастырушы	Қамқорлық кеңесінің мүшесі

Мектеп директорының м.а: **Абенов М.К**

